**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**
**ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ АГЕНТТІГІ**

# ЛИЦЕНЗИЯ

**ислам банкінің банк операцияларын және өзге операцияларын жүргізуге**

**Лицензия нөмірі № 1.3.69** **Берілген күні 2020 жылғы 3 ақпан**

**«Al Hilal» Ислам Банкі» Акционерлік қоғамы**

Осы лицензия операциялардың мынадай түрлерін (ұлттық және (немесе) шетел валютада) жүргізуге құқық береді:
**1. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 52-5-бабының 1-тармағына сәйкес ислам банкінің банк операцияларын:**
жеке және заңды тұлғалардан талап етуге дейінгі пайызсыз депозиттерді қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың банк шоттарын ашу және жүргізу;
жеке және заңды тұлғалардың инвестициялық депозиттерін қабылдау;
банктік қарыз операциялары: ислам банкінің мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен және сыйақы алмай ақшалай нысанда кредиттер беруі;
жеке және заңды тұлғаларды:
тауарды үшінші тұлғаға кейіннен сату туралы шарттарсыз;
тауарды үшінші тұлғаға кейіннен сату шарттарымен коммерциялық кредит беру арқылы сауда делдалы ретінде қаржыландыру;
өндірістік және сауда қызметін заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу арқылы және (немесе) әріптестік шарттарымен қаржыландыру;
лизинг (жалдау) талаптары бойынша инвестициялық қызмет;
ислам банкінің банк операцияларын жүргізу кезіндегі агенттік қызмет.
**2. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес банк операцияларын және өзге операцияларды:**
**1) банк операцияларын:**
банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
кассалық операциялар: банктердің және Ұлттық почта операторының қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, ораулы және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдауы және беруі;
аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау;
қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоса алғанда, шетел валютасымен айырбастау операциялары;
төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;
аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
банктердің ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беруі;
банктердің үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдемелерін және өзге де міндеттемелерді беруі.

**Ислам банкінің банк операцияларын және өзге операцияларын жүргізуге бірінші рет алған лицензия туралы деректер:**
Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі берген 2010 жылғы 17 наурыздағы № 1.1.261.

**Төрағаның бірінші орынбасары** **О. Смоляков**

М.О.

**Алматы қаласы**

г. Алматы. БФ. Зак. № 550-07.